

«Ауыл аманаты» жобасы аясында

Тамыры терең, тарихы ерен сырлы Созақ елінің перзенті, игілігі елге ортақ, игі істердің басында жүретін Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, облыстық мәслихаттың «Бюджет, экономика және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының» төрағасы Тұрысбеков Мағауия Сексенбайұлы Түркістан облысы үшін де, оның ішінде өзінің кіндік қаны тамған Созақ ауданы үшін де көптеген игі істер атқарды. Биылғы жылы Құмкент ауылдық округінде тұратын халық сұранысына орай бірқатар жобалар қолға алынған болатын. Елімізде ауыл шаруашылығын дамыту қолға алынып жатқандығы аян, осы ретте партиялық «Ауыл аманаты» жобасы іске асырылуда.

байрағын әлемге таныту үшін біріншіден спортшыға жағдай жасалуы қажет болса, халықаралық, республикалық жарыстарға көптеп қатысудың бөрісі онан да мол болар еді деді. Өз тарапынан Мағауия Сексенбайұлы алдағы кезеңде бұл мәселені тыңғылықты қолға алуға уәдесін берген болатын. Сол уәдесіне сай бүгінгі күні аудан орталығында бой көтеріп жатқан 200 орындық заманауи спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарында да аптал азаматтың қолтаңбасы бар.

Бүгінде кешеннің құрылыс жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Ішінде бірнеше спорт алаңдары мен залдар орналасады. Бұл жерде волейбол және баскетбол алаңдары, күрес пен бокс залдары, сондай-ақ бассейн мен футбол алаңы болады.

Жаңа кешен халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге мүмкіндік беретін барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Жаңа нысан ау-



ры, жылдам әрі тапшылық болмауы үшін орталық қызметіне пайдаланған дұрыс», – деген болатын М.Тұрысбеков.

Ел тұрмысы депутаттар назарында

2023 жылы «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының ғимаратында, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Мағауия Тұрысбеков бойынша қабылдады. Бірнеше өзекті мәселе айтылды. Депутат Мағауия Тұрысбековке арыз-өтінішін арқалап келген аудан тұрғындары аудан орталығынан спорттық-сауықтыру кешен салу, мүмкіндігі шектеулі жандарға қажетті орта құрып, қолдау көрсету, оларды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет екенін білдіріп өз өтініштерін айтып келген болатын.

Игілігі елге ортақ,

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы 5 жыл бойы тек қана ауыл тұрғындарының кәсіп бастауы үшін 2,5 пайыздық несиелер алуға мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» жобасы іске асырылды. Бұл жобаға әр аудандағы белгіленген ауылдарда тұратын, талаптарға сай келетін кез келген адам қатысуда. Нәтижесінде, ауыл азаматтары өз ісін бастап, кооперативтер құруға мүмкіндік алмақ. Тиісінше, бұл жоба азаматтардың әл-ауқатын көтеріп, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал ететін болады.

Оған қоса, ауылға Жылыбұлақтан келетін 10 шақырымдай ағын су каналын тазалау, жөндеу мәселесі өзекті екендігі сөз болып, бұл мәселе партия бақылауына алынатын болды. Құмкент ауылындағы «Жылыбұлақ» каналы әбден тозығы жетуі себепті ауыл тұрғындары үй іргелік жерлері мен егістіктерге қажетті мөлшерде су жеткізе алмай отырған болатын.

Сонымен қатар, облыстық маңызы бар «КХ-56 Жамбыл облысының шекарасынан-Құмкент-Шолаққорған-Ащысай» Шолаққорғаннан Құмкентке, Шолаққорған-Қаратауға дейінгі автомобиль жолының құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Осы жұмыстардың басы қасында жүрген облыстық мәслихаттың депутаты Мағауия Сексенбайұлының ерен еңбегі жатыр.

Салауаттылық-өмірдің салты

2021 жылы «Nur Otan» партиясынан Түркістан облыстық мәслихатының депутаттығына кандидат Тұрысбеков Мағауия Сексенбайұлы партияның сайлауалды бағдарламасын таныстыру мақсатында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында аудан спортшыларымен кездесу өткізді. Аудан спортшының жетістіктері бүгінде ауыз толтырып айтарлықтай, Теріскейден әлемнің қос дүркін чемпиондары, құрлық, республика жеңімпаздары көптеп шығуда. Бұл әрине, спортшыларымыздың маңдай терімен қатар, жаттықтырушылардың да ерен еңбегінің арқасында мүмкін болады. Аудан орталығында 2 мектеп бар. Бірі балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі, екіншісі футбол мектебі. Елді мекендердегі мектеп жандарынан ашылған үйірмелерде бапкерлер болашақ чемпиондарды жаттықтыруда. Кездесу кезінде М.Тұрысбеков сайлауалды бағдарламасында дене шынықтыру, бұқаралық спортты дамытуға үлкен мән беріліп отырғаны туралы баяндап, жоспарларын жеткізді. Өз кезегінде спортшылар қауымы да өздерінің ұсыныс, пікірлерін жеткізді. Әсіресе, аудан орталығынан заманауи талаптарға жауап беретін жаңа спорт кешенін салу туралы ұсынысы көңілге қонымды. Еліміздің көк

данның көркіне көрік қосып, Созақ ауданының спорттық өміріне тың серпін беріп, әртүрлі спорт түрлерінен шеберлік деңгейін арттыруға, сондай-ақ ауданның жас спортшыларының әлеуетін дамытуға ықпал етері анық.

Әлеуметтік шараларға болысқан

Уақыт тегершігін кері шегіндірсек, 2015 жылы ораза айында облыстық мәслихаттың депутаты Мағауия Тұрысбековтің тікелей өзі қаржыландырып, демеушілік көрсетуімен аудандық ардагерлер үйінің ірге тасы қаланған болатын. 2016 жылы аудандық ардагерлер үйі пайдалануға берілді. Ғимараттың жалпы аумағы 263 шаршы метр. Мәжіліс залы, ардагерлерге арналған демалыс бөлмесі, сондай-ақ, басқада қажетті бөлмелермен қамтылған.



2016 жылы Құрбан айт – бірлік пен игілік, мейірім мен кешірім мейрамы. Бұл күні мұсылмандар қайырлы, ізгі амалдар арқылы Жаратушыға жақындайды. Созақ ауданының атқамінер азаматтары Алланың разылығы үшін құрбан шалып, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетті. Ұлық мейрам ағайын арасын жақындатып, көршілерді, ұлттар мен ұлыстарды ынтымаққа ұйытып, татулыққа шақырады. Уағыз айтқан имамдар осы ауданнан қажылыққа аттанған мұсылман бауырларымыз Меккедегі Арафат тауында Жаратқанға жалбарына дұға жасап жатқанын атап өтті. Облыстық мәслихаттың депутаты Мағауия Тұрысбеков қайырымды істен қалыс қалмай, төрт түліктің төресін құрбандыққа шалды. Халықты құрбан айт мейрамымен құттықтады.

Ал 2021 жылы Түркістан облыстық

мәслихатының депутаты Мағауия Тұрысбеков Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай Созақ ауданының 30 «Алтын алқа» иегерлеріне сый-сыяпат жасады. Өз құттықтауын аудандық партия филиалы арқылы жеткізген халық қалаушысы алтын құрсақ аналарды шын жүректен құттықтай отырып, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тіледі. Әрдайым мейірім мен жылылықты бастауы — батыр аналар да өз кезегінде Мағауия Сексенбайұлына шынайы алғыстарын білдіріп, рахметін жеткізуді аманат етіп жатты. Бұл мың сан шаралардың бір парасы ғана еді.

Әр күніміз дені сау ұлтпен

«Жедел медициналық жәрдем» қызметінің жұмысы облыстық депутаттардың назарында болатын. Түркістан облысы мәслихатының бірнеше депутаттары, ішінде Мағауия жер-

«Ерекше күтім қажет адамдарға қамқорлық көрсету—ел алдындағы парызым» деген депутат М.Тұрысбеков тұрғындардың мәселесін шешіп, ерекше жандарға қажетті құрал-жабдықтар алып беріп көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Биыл Қазақстандағы мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осынау уақыт аралығында халық қалаушыларынан құралатын мәслихаттардың ықпалымен көптеген жұмыстар атқарылғанын ешкім жоққа шығара қоймас. Осы орайда Түркістан облысы мәслихатының ішіндегі Мағауия Сексенбайұлы төрағалық ететін бюджет, экономика және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия былтырғы жылы оннан астам кеңес өткізіп, отыздан аса проблеманың түйінін тарқату мақсатында тер төгіпті. Сондай-ақ, соңғы жылдарда халық қолдаған депутаттардың қоғамдық маңызы бар істерге белсене атсалысып, өзгелерге үлгі боларлықтай істерді атқарып жүргендігін жиі байқадық. Сондай жомарт жүректі, қолы ашық азаматтардың арасында осы біз айтып отырған Мағауия Тұрысбеков те бар болатын. Айталық, 2023 жылы Созақ ауданы, Шолаққорған ауылының тұрғыны, I топтағы мүгедек жандардың бірі Гүлзат Шайхыстановқа халық қалаушысының демеушілігімен салынған жаңа баспананың кілті табысталды. Оған дейін өзінің жеке үйі болмаған жаңа тұрғын үй иесі жолдасымен бірге жалдамалы пәтерді паналап келген екен. Аудан орталығынан берілген жаңа үйге асхана жабдықтары орнатылып, қажетті коммуналдық қызметтер тартылған. Бау-бақша өсіруге арналған жері де бар. Мүгедектік арбамен үйге кіріп-шығуға қолайлы болу үшін пандус қойылып, бар мүмкіндік жасалған. Бұған қоса биылғы жаз айында Жыныс ата ауылындағы бір отбасына 6 бөлмеден тұратын баспананың кілтін табыс ету, қуанышына куә болдық. Су, жылу жүйесі бар, асханасы, қоймасы, қосалқы шаруашылығын жүргізуге жер учаскесі қарастырылған. Баспана иесі алдағы уақытта да депутаттың қамқорлығында болады. Сонымен қатар Созақ ауданының тумасы болып саналатын депутаттың демеушілігімен өткен жылы Таукент кентіне қарасты Жыныс ата елді мекенінде салынған мешіт ел игілігіне берілді. Оған қоса, өз қаржысына «Amanat» партиясының аудандық ғимаратын салып, партияның кезектен тыс XVI конференциясы қарсаңында елге тарту еткен екен. Төтенше жағдай кезінде «Біз біргеміз» акциясы мұқтаж 200 отбасын азық-түлікпен қамтамасыз етті. Халық үшін еңбек етіпжүрген азамат қиын уақытта да көмектесуге тырысатыны сөзсіз. Жұрт оның тұрмысы төмен отбасыларға да тұрақты түрде көмек көрсетіп келе жатқанын айтып жүреді.

лесімізде бар, облыстық жедел медициналық жәрдем қызметінің жұмысымен танысты. Қызметкерлермен жүздесіп, орталықтың қызмет ету деңгейін бақылады. Мекеменің жұмысымен танысу барысында облыстық мәслихат депутаты Мағауия Тұрысбеков облыстық «Жедел жәрдем» қызметіне өкпені жасанды тыныс алдыру аппаратының 5 данасын сыйға тартты. Жалпы құны – 55 млн. теңге. «Аппараттар арнайы Жапония елінен сатып алынған. Бір аппараттың құны – 11 млн. теңге.

Бүгінде адам баласының басына төнер қауіптің саны көп. Соның бірі—аяқ астынан болатын жарақат түрлері. Көлік қақтығыстарында, күнделікті тұрмыста, құрылыста, өндірісте, түрлі дәрежеде жарақаттанып, «Жедел жәрдем» қызметі шақырылады. Сондықтан бұл аппараттарды халыққа қызмет көрсету сапасы жоға-